



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№2 (10509) 13 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰРҒАҚ ТҮЙЕ СҮТІН ӨНДІРЕТІН ЦЕХ АШЫЛДЫ



МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАТЫН ТАҒЫ БІР ИГІ БАСТАМА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. КЕШЕ ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ЖАҢАӨЗЕНГЕ КЕЛІП, СУБЛИМАЦИЯЛАНҒАН ҚҰРҒАҚ ТҮЙЕ СҮТІН ӨНДІРЕТІН ЖАҢА ЦЕХТЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ.

Жаңа өндіріс орны – өңір экономикасына серпін беретін, экологиялық таза әрі жоғары сапалы отандық өнім шығаруға бағытталған маңызды жоба. «Жаңаөзен сүт зауыты» ЖШС жүзеге асырған бұл бастама ауыл шаруашылығын қолдауға, түйе шаруашылығын дамытуға және жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға жол ашады. Жобаның



жалпы инвестициялық құны 148 миллион теңгені құрайды, ал цехта 12 жаңа жұмыс орны ашылған. Жалпы аумағы 500 шаршы метр болатын өндіріс орны жылына 18 тоннаға дейін құрғақ түйе сүтін өндіруге қауқарлы.

Жаңаөзенде ашылған бұл цех – өңірдің агроөнеркәсіп саласындағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, ұлттық өнімнің беделін арттыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі.

«Маңғыстау» ақпарат.

«СОЛТҮСТІККЕ КӨШ»: ҚОНЫС АУДАРУ КІМГЕ ТИІМДІ?

МЕМЛЕКЕТ ДЕНГЕЙІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН «СОЛТҮСТІККЕ КӨШ» БАҒДАРЛАМАСЫ – ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕҢГЕРІМДІ САҚТАУ, ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ, ІШКІ КӨШІ-ҚОНДЫ ЖҮЙЕЛЕУ МАҚСАТЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАС-ТАМА. БҰЛ – ТЕК ҚОНЫС АУДАРУ ҒАНА ЕМЕС, ТҮТАС ӨНІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН ҰЛТТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОБА. ОСЫ ІСТІҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА ЖҮРІП, ИГІ БАСТАМАНЫ СӨЗБЕН ЕМЕС, ІСПЕН ҚОЛДАП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ БІРІ – ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ, «ТӘУЕКЕЛ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ӨКІЛІ БУРАХАН ДАКАНОВ. БҮГІН БІЗ СОЛТҮСТІККЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІНІҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ, ТӘЖІРИБЕДЕ КЕЗДЕСІП ЖАТҚАН ТҮЙТКІЛДЕР МЕН НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕР ТУРАЛЫ ӘНГІМЕЛЕСПЕКПІЗ.



» 6

АМЕРИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТ ДЖЕННИФЕР МЮЛЛЕР МАҢҒЫСТАУҒА ЖАСАҒАН САПАРЫНАН КЕЙІН «WASHINGTON POST» ГАЗЕТІНЕ КӨЛЕМДІ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАДЫ. ТІЛШІ АТАЛҒАН ӨНІРДІҢ ТАБИҒИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТАРИХИ БАЯНЫН ТАҚЫРЫП ЕТТІ. АВТОР МАҢҒЫСТАУДЫҢ ЖАҚПАР-ЖАҚПАР ЖАР-ТАСТАРЫН АҚШ-ТАҒЫ MONUMENT VALLEY ҰЛТТЫҚ ПАРКІМЕН САЛЫСТЫРЫП, ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРГЕН.

МАҢҒЫСТАУ – «WASHINGTON POST» ГАЗЕТІНДЕ



«Біз аралаған аңғар ежелгі заманда Тетис мұхитының табаны болған. Кейін жер қыртысы қозғалып, Пангея бөлініп, су кейін шегінді. Сөйтіп, мыңдаған жылдар бойы табиғат алып тас мүсіндерді қалыптастырды. Жазықтың ортасынан қылыштай өткір жартас шоқылар, үстірттер мен иілген күмбезге ұқсас биіктер бой көтереді. Бұл аймақ соншалықты ұзақ уақыт бойы құрғақ әрі нен қалғандықтан, миллиондаған жылдық тарихтың ізі әлі күнге дейін анық көрінеді» деп жазады саяхатшы-журналист.

Тілшінің тіліне тиек болып отырған Тетис суы – мезозой дәуіріндегі алып мұхит-тұғын. Ол қазіргі Еуразия мен Африка-Арабия аралығын алып жатқан. Жер қыртысының қозғалысына байланысты азайып, біржола тартылып кеткен. Қазіргі Маңғыстау дәл осы Тетис мұхитының астында жатқан. Ғалымдар оны теңіз жануарларының қалдықтары арқылы дәлелдеген.

Бұл нәрсе Америкадан келген журналистің де назарын аударған. Бұған қоса Дженнифер Мюллер Маңғыстаудағы керуен-сарайлардың қирандыларын, сопылық ғибадатханалары мен жер асты мешіттерін асқан танданыспен басылымға жариялаған.

«Ғалымдар олардың қалай пайда болғаны жөнінде әлі күнге дейін ортақ пікірге келген жоқ. Ал маған «бұл алқап – бір кездері құдайлардың ойын алаңы болған» деген нұсқа көбірек ұнайды» деп жазады журналист.

Автордың айтуынша, ұзақ уақыт бойы бұл өңір халықаралық туристердің назарынан тыс қалып келген, алайда бүгінде оған деген қызығушылық артып отыр. Сапар барысында журналист Ресей, Қытай және Италиядан келген туристерді жолықтырғанын айтады. Ал америкалық саяхатшылар бұл бағытты енді ғана тани бастаған. Журналист жолсерігі Антон Дикиннен айтуынша, он жылдан астам уақыт бойы өңірде тур ұйымдастырып жүрсе де, АҚШ-тан келген қонақты әлі кездестірмеген.

Дженнифер Мюллер бір түнді «киіз үй мотелінде» өткізгендерін айтады. Алайда кейін топ мүшелерінің бәрі бір ауыздан далада, табиғат аясында оянганды қалар едік деген ойға келген. Бұл Маңғыстауға келетін саяхатшылардың өңірге, ең алдымен, бірегей табиғатпен және адам қолы тимеген кеңістіктермен қауышу үшін ат басын бұратынын көрсетеді.

Айта кетейік, «Washington Post» 1877 жылы Вашингтон қаласында құрылған. Алғашында аймақтық басылым болғанымен, уақыт өте келе «The Washington Post» ұлттық әрі халықаралық деңгейдегі қоғамдық пікір мен саяси күн тәртібіне елеулі ықпал ететін басылымға айналды. 2025 жылғы жағдай бойынша «The Washington Post» басылымының шамамен 2,5 миллион цифрлық жазылушысы бар. Бұл сайттың ақылы аудиториясы мен цифрлық жаңалықтарға жазылған оқырмандар санын көрсетеді. Ал баспа нұсқасының таралымы – күнделікті шамамен 97 мың дана.

Абзал МАҚАШ.

• БҮГІНГІ САНДА

АЙМАҚТА КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ АРТТЫ

» 3